



2025 жылдың 01 желтоқсанға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 желтоқсанға елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **42 408,5 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 62%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 584,7 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **3,7%** құрады (2025 жылғы 1 қарашаға – 42 074,6 млрд теңге немесе 62%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 128,6 млрд теңге немесе 71% (01.11.2025 ж. – 1 262,8 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 456 млрд теңге немесе 29% (01.11.2025 ж. – 389,5 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.11.2025 ж. – 0,2 млрд теңге) келеді.

01.11.2025 ж.
NPL құрылымы



01.12.2025 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** келеді – 438,5 млрд теңге немесе несиелік портфелінің 3,4%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«KASPI BANK» АҚ** – 416 млрд теңге (несиелік портфелінің 5,5%);

– **«Еуразиялық банк» АҚ** – 139,3 млрд теңге (несиелік портфелінің 8,3%);

– **«Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)»** 107,9 млрд теңге (несиелік портфелінің 7%);

– **«ForteBank» АҚ** – 102,7 млрд теңге (несиелік портфелінің 3,4%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,5%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Еуразиялық банк» АҚ (8,3%); «Alatau City Bank» АҚ (8,1%); «Заман-Банк» Ислам банкі АҚ (7,9%) және «БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ (7%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады